



«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘХӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

7М01506 - География

Семей

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі
проректор _____ И.Оралканова

« 06 » _____ 06 2023 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ДАМУ ЖОСПАРЫ

«7M01506 -География»

(ББ коды және атауы)

2023-2025 жылдарға арналған

Семей 2023 ж

Мазмұны

1.	Білім беру бағдарламасының даму жоспарының төлқұжаты	3
2.	Білім беру бағдарламасының аналитикалық негіздемесі	3
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат	3
2.2	Білім алушылар туралы мәлімет	4
2.3	Білім беру бағдарламасының дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары	4
2.4	Білім беру бағдарламасының жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат	5
2.5	Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамалары	5
3	Білім беру бағдарламасының дамыту жоспарының негізгі мақсаттары	6
4	Білім беру бағдарламасының тәуекелдерін талдау	7
5	Білім беру бағдарламасының дамыту бойынша іс-шаралар жоспары	8

1. Магистратураның даму жоспарының төлқұжаты**7M01506 -География**

1	Даму негізі	Шәкәрім университетінің 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары Факультеттің жұмыс жоспары
2	Іске асыру мерзімі	2023-2025
3	Іске асырудан күтілетін нәтижелер	білім беру сапасын арттыруға, құзырлы, бәсекеге қабілетті, жаңашылдыққа бейім , өзгермелі еңбек нарығы жағдайына бейімделетін маман даярлауға байланысты білім беру бағдарламаларын жобалауға көзқарастар өзгеруде. Жаңа жағдайлар білім берудің қоғамдағы рөлін ғана емес, оның мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын өзгертеді, бұл бағдарламаларды, оқу-әдістемелік материалдарды үнемі жаңартып отыру қажеттілігін талап етеді.

2. ББ аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат:

Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген. Магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерудің типтік мерзімі – 2 жыл.

«7M01506 -География» ББ Академиялық комитетпен әзірленген

Жаратылыстану- математика факультетінің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының отырысында қаралды
(2023 жылғы 4 сәуір № 4.1 хаттама)

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілген (№8 хаттама 25 сәуір 2023 ж) .

«7M01506 -География» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін бере отырып, кемінде 120 кредитті игеру оқу үдерісін аяқтаудың негізгі критерийі болып табылады.

2.2. Білім алушылар туралы мәлімет

Оқу негізі \ Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024 -2025 оқу жылы
Грант	4	5
Келісім шарт	2	3
Барлығы	6	8

2.3 БББ дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары

«7M01506 -География» ББ кәсіби іс-әрекетке дайындау үшін құрамдас бөліктерді қамтиды. Бұл зертханалық және практикалық сабақтардың тақырыптары мен тапсырмалар тізімінде, студенттің өздік жұмысына арналған тапсырмаларды орындау түрлері мен нысандарының тізімінде көрсетіледі. Сабақтарды өткізудің әртүрлі формалары (дәстүрлі және фронтальды және демонстрациялық эксперименттер, кейс-әдістер мен жобалық оқыту әдістері, проблемалық және кезеңдік, модульдік оқыту әдістері), магистрлік жұмыстар, кәсіби тәжірибелер де кәсіби қасиеттерді қалыптастырады. Танымдық және ғылыми-шығармашылық белсенділікті белсендіруге білімалушылардың кафедрадағы ғылыми үйірмелерге, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен әр түрлі деңгейдегі конференциялар жұмыстарына қатысуы да ықпал етеді.

Курстардың оқу жоспарлары, дәрістердің, практикалық және зертханалық сабақтардың мазмұны кітапхана қорын жаңартуды, ішкі және сыртқы нормативтік құжаттардың талаптарын және білім беруді дамыту тұжырымдамаларын ескере отырып түзетіледі. ББ оқу процесі 7 оқу аудиториясында өткізіледі. ББ білімалушылардың практикалық дайындығы болашақ мамандарды кәсіби

даярлау жүйесінің ең маңызды буыны болып табылатын педагогикалық және зерттеу тәжірибесі арқылы жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің зерттеу тәжірибесінің мақсаты отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, практикалық дағдыларды бекіту, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді жинау, өңдеу және түсіндірудің заманауи әдістерін қолдану болып табылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің педагогикалық практикасының мақсаты – жоғары оқу орнындағы ғылыми-педагогикалық қызметке дайындау, жоғары оқу орнында оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру, оның ішінде арнайы пәндерді оқыту, практикалық қызмет дағдыларын меңгеру және бекіту, студенттердің оқу қызметін ұйымдастыру, пән бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыс.

Университет шет мемлекеттердің 30 ЖОО- мен білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 19 ЖОО-мен білімалушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Академиялық ұтқырлық аясында білімалушыларға теориялық және практикалық білім алу үшін шетелге шығу мүмкіндігі бар.

2.4 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
1	БП бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	75	75
2	Оның ішінде БП /ЖООК циклі бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	85	85

2.5 БББ жетістіктерінің сипаттамасы

- ✓ Облыста жоғары педагогикалық білімі бар мамандарға сұраныс;
- ✓ Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 100%;
- ✓ Жеткілікті дәреже деңгейі; ғылыми дәрежелері мен атақтары бар штаттық оқытушылар құрамының үлесі 100 % құрайды;
- ✓ Жоғары лекциялық дағдылар мен тәлімгерлік және педагогикалық кадрлардың базалық білімінің болуы;
- ✓ Оқытушылардың сабақта оқытудың инновациялық әдістерін шеберлікпен қолдануы;
- ✓ Бакалавриат пен магистратураның екі деңгейінде сабақтастықтың болуы;
- ✓ Жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білімалушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ Зертханалық жабдықтармен және аспаптармен жабдықталған оқу зертханаларының болуы;

✓ Мамандық бойынша ақпараттық-кітапхана қоры толтырылған, барлық пәндер бойынша оқу, оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген;

✓ Педагогикалық ұжым мен студенттердің мәдени шараларға белсенді қатысуы.

Мамандық бойынша білім беру бағдарламасы 2021 жылы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – АРТА) аккредиттеу органында тәуелсіз мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті. 2021 жылдың 16 сәуірінде АРТА Аккредиттеу кеңесінің шешімімен мамандықтың білім беру бағдарламасы аккредиттелді және толық мерзімге – 5 жылға сертификаттар берілді.

3. БББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері

Университеттің миссиясына сәйкес ББ 7М01506- География әзірлеудің мақсаттары мен міндеттері :

– балаға әлеуметтік-педагогикалық білім мен тәрбие беру процесін жоғары деңгейде жүргізе алатын педагогтың кәсіби даярлығын және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету;

– еңбек нарығын кәсіби өсуге, азаматтық құндылықтарға, әлеуметтік жауапкершілікке және мамандарды даярлаудың осы бағытына қойылатын талаптарға сәйкес құзыреттерге бағытталған бәсекеге қабілетті мұғалімдермен толтыру.

– химиялық білім беру жүйесінде сұранысқа ие мамандарды дамыту және қалыптастыру үшін қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау;

– білім алушылардың кәсіби деңгейін көтеруге және өзін-өзі жүзеге асыруға мотивациясын қалыптастыру негізінде ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес білім сапасын арттыру;

– кейінгі табысты кәсіби қызмет үшін негізгі, пәндік және кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру;

– білімалушылардың химиялық білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға және жүргізуге дайындығын қалыптастыру.

4 БББ тәуекелдерін талдау

	Тәуекелдердің атауы	Жою шаралары
1	Ескірген оқу-зертханалық базалар	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде заманауи оқу, ғылыми-зертханалық база құру, заманауи зертханалық жабдықтарды сатып алу.
2	БББ-дағы біліалушылар контингентін азайту	Семей қаласындағы және басқа облыстардағы мектептерде, колледждерде кәсіптік бағдар берудің кешенді жоспарын жасау . Әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс.
3	Жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі	Мектептен бастап өскелең ұрпаққа кәсіптік бағдар беру жүйесін дамытуды жалғастыру (бұл жерде ЖОО түлектері де, студенттері де, оқытушылар, университеттің жұмыспен қамту орталығының мамандары және жұмыс берушілер де көмектесе алады); ББ сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуіне, оның ішінде деректер негізінде жобалау мен басқаруға жүйелі мониторинг жүргізу.
4	Білімалушылар мен педагогикалық ұжымның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының жеткіліксіз дамуы	Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты жандандыру
5	Педагогикалық кадрлардың орташа жасының ұлғаюы	Ғылыми дәрежесі және/немесе PhD дәрежесі бар жас мамандарды шақыру. Жас мамандардың мансаптық өсуіне қолайлы жағдай жасау.
6	Мемлекеттік тілде кәсіптік пәндер бойынша оқу - әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету	Мемлекеттік тілді дамыту және оқу үдерісіне электронды оқу басылымдарын енгізу бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жандандыру. Университеттің тақырыптық жоспарына сәйкес ғылыми және оқу әдебиеті кафедрасының ғалымдары мен профессорлық-оқытушылық құрамының жыл сайынғы шығарылымын жоспарлау .
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және басқа да қорлар қаржыландыратын гранттық ғылыми жобаларды іске асыру конкурстарына педагогикалық ұжымның қатысу белсенділігінің жеткіліксіздігі ;	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және басқа да қорлар қаржыландыратын гранттық ғылыми жобаларды іске асыру конкурстарына педагогикалық ұжымның қатысу үлесін арттыру ;

5. БББ дамыту бойынша іс-шаралар жоспары

№	Критерийлер	Күтілетін нәтижелер	Өлшем бірлігі	2023-2024	2024-2025
Бағыт 1. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету					
1.1	Жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту	Түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында «7М01506 -География» білім беру бағдарламасына сараптама жүргізу	факт	1	1
1.2	Негізгі және кәсіби құзыреттерін, еңбек нарығының сұраныстарын дамытуға сәйкес элективті пәндер каталогтарын мониторингілеу және жаңарту	Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған элективті курстарды қосу арқылы білім беру бағдарламалары мазмұнының сапасын жақсарту.	факт	1	1
1.3	Оқу процесіне білім алушылардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілетін дамытуға ықпал ететін заманауи оқыту технологияларын енгізу	Танымдық белсенділікті дамытуға ықпал ететін жұмыстардың жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру.	факт	Барлық пәндер элективті компоненттер бойынша	Барлық пәндер элективті компоненттер бойынша
1.3.1	«7М01506 -География» білім беру бағдарламасы бойынша жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) оқу процесіне енгізу	Танымдық белсенділікті дамытуға ықпал ететін жұмыстардың жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру.	бірлік	-	-

1.4	Әлеуметтік әріптестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, іске асыру сараптамасына тарту	Нарықтың сұраныстары мен жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту	бірлік	2	2
1.5	Ағылшын тілінде элективті курстарды әзірлеу және енгізу	Оқу процесіне ағылшын тілінде пәндерді енгізу	бірлік	-	-
1.6	Оқу процесіне инновациялық технологияларды қолдану бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу	Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу	бірлік	1	1
1.7	Іске асырылатын БББ бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді басып шығару	Білім беру бағдарламаларының іске асырылатын пәндері бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруды жетілдіру	бірлік	2	2
1.8	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен ПОҚ академиялық алмасуды дамыту мақсатында шетелдік және отандық серіктес жоғары оқу орындарымен шарттар жасасу	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық алмасуын дамыту үшін шетелдік және отандық серіктес ЖОО-лардың базасын құру	бірлік	10	10
1.9	Серіктес жоғары оқу орындарынан білім алушыларды семестрге, қысқа мерзімді тағылымдамаларға, практикаға және т.б. оқуға шақыру	Білім беру бағдарламаларының Халықаралық танылуын дамыту, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру	адам саны	1	1
1.10	ПОҚ мен білім алушылардың академиялық алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуы	7М01506 -География бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік университеттермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту	адам саны	-	-

1.11	ПОҚ және білім алушылардың шығыс академиялық ұтқырлығын 7M01506 -География бағыт бойынша дамыту	ҚР жетекші жоғары оқу орындарында ұқсас бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін пайдалану негізінде білім беру бағдарламасын жетілдіру	адам саны	1	1
Бағыт 2. Профессор-оқытушылар құрамы					
2.1	5 жылда бір рет білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру және даярлау	Республикалық деңгейде біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ үлесі 20%-дан кем емес	адам саны	1	1
2.2	ПОҚ біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан, тағылымдамадан халықаралық деңгейде өтуі	ПОҚ біліктілігін арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өту бағдарламасының кемінде 2 оқытушысының халықаралық деңгейде өтуі	адам саны	1	1
2.3	Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін халықаралық басылымдарда ПОҚ еңбектерінің жарияланымдарын ілгерілету	ПОҚ жалпы санының кемінде 30% Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін басылымдарда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялаған ПОҚ үлесін ұлғайту	%	30	30
2.4	Оқытушылық және ғылыми қызметке практикалық қызмет саласының мамандарын тарту	Практик-мамандардың білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысу (мамандардың кемінде 20%)	%	20	20
Бағыт 3. Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру					
3.1	Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық бойынша шарттар жасасу	Бірлескен жобаларды іске асыру, шетелдік әріптестермен ғылыми жарияланымдар дайындау, білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін базалар құру	бірлік	30	32

3.2	«7M01506 -География» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін шетелдік білім алушыларды тарту	Шетелдік білім алушылар санын ұлғайту	адам саны	-	-
3.3	Халықаралық әріптестермен бірлескен ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру	ПОҚ ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің тиімділігін арттыру, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу	бірлік	1	1
3.4	Магистрлік жобалар мен диссертациялар бойынша дәрістер оқуға мен консультациялар беруге шетелдік мамандарды шақыру	Білім беру бағдарламаларын іске асыруда шетелдік мамандардың тәжірибесін енгізу негізінде білімберу бағдарламаларының мазмұндық компонентін жақсарту	бірлік	1	1
3.5	Білім беру бағдарламаларын іске асыруға неғұрлым білікті шетелдік мамандарды тарту мақсатында озық шетелдік ғылыми-білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту	Жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сәйкес негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру	адам саны	-	-
Бағыт 4. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және цифрландыру					
4.1	Оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен кезең-кезеңмен жабдықтау (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран және т.б.)	Кафедраға бекітілген оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен жаратқандыру (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран және т.б.)	бірлік	9	9

